



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№21 (1406)
17 маусым
2011 жыл

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН ТАҒЫ БІР СЫННАН СҮРІНБЕЙ ӨТТІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлының білім ордасында гуманитарлы саланы дамытуды мықтап қолға алып, тікелей өз бастамасымен еліміздегі өзге жоғары оқу орындары арасында тұңғыш рет куратор-эдвайзерлер кеңесі қызметін енгізгені белгілі. Оны жүзеге асыруда Тіл және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор Шолпан Ерболқызының ұйытқы болуымен куратор-эдвайзер жұмысын жетілдіруде бірнеше семинар-тренинг пен кеңестер үнемі ұйымдастырылып отыр. Осы орайда, жақында Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменті факультеттердің куратор-эдвайзерлер кеңесі төрағаларына арнап, куратор-эдвайзерлердің қызметін жақсарту мақсатында тағы да арнайы семинарлар өткізді.

Куратор-эдвайзер – интеллектуалды ұлт тәрбиешісі

Жалпы жоғары оқу орындарында студенттерді тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу мәселелері өте маңызды. Университетіміздің Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменті осы бағыттағы жұмысты қарқынды жүргізіп келеді деп айтуға болады.

Белгілі бір мамандық бойынша білімге, шеберлікке, дағдыға ие болу, болашақ маман және әлеуметтік белсенді тұлға үшін жеткіліксіз болып табылады. Елбасы жүктеп отырған интеллектуалды ұрпақты қалыптастыру үшін студенттерді тек мамандандырып қоймай, дұрыс тәрбие жұмыстарын жүргізу қажет. Бұл бағыт қара шаңырақта қарқынды дамуда. Университет оқытудың кредиттік технологиясына толық көшуіне байланысты тәрбие үдерісі дербестігінің алғышарты болып табылатын оқытудың белсенділігі жандандырылды. Бұл үдерістегі тәрбие жұмысының аса маңызды субъектісі куратор-эдвайзер болып табылады.

Ел тәуелсіздігінің 20 жылдығымен пара-пар келген Қазақстанның Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі – тағы бір әлемдік маңызды оқиғамен, ШЫҰ-ның 10 жылдық алғашқы мерейтойымен тұспа-тұс келді. Ал оның келесі онжылдыққа арналған Астана декларациясын қабылдаған мерейтойлық саммитпен қорытындылануы Қазақстанның халықаралық қауымдастық алдындағы беделін одан әрі нақтылай түсті деуге толық негіз бар.

Қазақстанның ШЫҰ жұмысына мақсатты түрде қатысуы еліміздің аймақтағы ұстанымын күшейтумен қатар, ұйым мүшелері арасында өзара сенім мен түсіністіктің арта түсуіне үлес қосып келеді. ШЫҰ-дағы екі жетекші мемлекет – Ресей мен Қытайдың ортасында орналасқан Қазақстан геосаяси тұрғыда да ұйымның маңызды мүшесі болып табылады.

Қазірде ШЫҰ-ға қатысушы елдер

Еуразиялық құрылымға қауіпсіздік мәселелеріне, бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға баса назар аударып отыр. Лаңкестік, сепаратизм, діни экстремизм сияқты індетке қарсы іс-әрекет – ұйым қызметінің негізгі тұғырлы бағыты. Бұл осы аптада Астанада өткен мерейтойлық саммитте айқын көрінді.

(Жалғасы 2-бетте)

(Жалғасы 3-бетте)

РЕКТОРАТ

ЖАЛЫН

В КазНУ – новые специальности

В Казахском национальном университете им. аль-Фараби в новом учебном 2011-2012 году на разных ступенях обучения появятся ряд новых специальностей, востребованных на рынке труда. Такую информацию на заседании ректората, на котором рассматривались вопросы формирования контингента студентов, представил первый проректор вуза Мухамбеткали Буркитбаев.

В частности, по его данным, на ступени бакалавриата откроются специальности «Дизайн», «Логистика», «Вычислительная техника и программное обеспечение», в магистратуре – это «Геоэкология и управление природопользованием», «Нефтехимия» и другие, в докторантуре в ряду других появятся «Туризм», «Финансы», «Информатика, вычислительная техника и управление».

(Продолжение на 2 стр.)

ҚазҰУ студенттері – Ислам экономикалық форум делегаттары

Астанада 7-9 маусым аралығында VII Бүкіләлемдік Ислам экономикалық форумы (БИЭФ) өткені белгілі. Осы форумның 2000-нан аса делегат қатысқан жас көшбасшылар қанатына ҚазҰУ студенттерінен арнайы делегация қатысып қайтты.

«Жас көшбасшылар» форумын БИЭФ жастар қанатының төрағасы Шри Назир Тун Абдул Разак пен «Нұр Отан» ХДП «Жас Отан» жастар қанатының атқарушы хатшысы Нұрлан Өтешов ашып, бұл шараның халықаралық деңгейдегі маңызына тоқталды.

(Жалғасы 4-бетте)



САММИТ

РЕКТОРАТ



Қазақстан тағы бір сыннан сүрінбей өтті

(Басы 1-бетте)

Саммитке Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше және бақылаушы ел мемлекет басшылары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бастаған ҚХР Төрағасы, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Иран, Ауғанстан және Пәкістан елдері президенттерінің қатысуы басқосуға халықаралық қауымдастықтың аса салмақты көзқараспен қарауына алып келді. Бүгінде Ақ үйдің өзінің бұл ұйыммен санаса бастағанын ескерсек, аумағы Еуразия құрлығының бес-тен үшін, халқының саны барша адамзат баласының төрттен бірін иеленіп жатқан Шанхай ынтымақтастығы ұйымы Қазақстан төрағалық жасаған оныншы жыл мен мерейтойлық саммиті арқылы халықаралық ұйым ретінде толық қалыптасып біткенін айқындап берді. Мұны сан қайталап айтқан ұйым мүшелері Астана саммитінде «ШЫҰ-ның алғашқы 10 жылы табысты аяқталды» деп мәлімдеді. Ұйым жеткен жетістік ШЫҰ төрағасы Қазақстан жетекшісінің мына сөзінен де айқын аңғарылады:

- Шанхайдан Астанаға дейінгі аралықта үлкен жолды жүріп өтіп, біз ШЫҰ-ны халықаралық қатынастардың айрықша институтына айналдырдық. Біріншіден, ұйым әрқилы мәдениеттері мен өркениеттері бар елдерді біріктірді. Екіншіден, 10 жыл бұрын біз халықтарымыздың қауіпсіздігі тұрғысынан тарихи қадам жасадық. Үшіншіден, ұйым әлемнің ең болашағы зор экономикаларын біріктіреді. Төртіншіден, біз экономикалық ынтымақтастық

пен ықпалдастықты кеңейтудің стратегиялық негізін қаладық. Бесіншіден, ШЫҰ аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуға баға жетпес үлесін қосып отыр. Алтыншыдан, тұтас ұйымның беделі мен саяси салмағы үздіксіз өсіп келеді. Жетіншіден, біз өзара әрекеттестіктің ауқымын білім беру, денсаулық сақтау, табиғатты қорғау секілді жаңа салалармен толықтырып, ауқымын кеңейтіп келеміз.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының 10 жылдық жұмысы қорытындыланған басқосуда келешек жоспар бағыттары айқындалып, алдағы 10 жылға арналған Астана декларациясы қабылданды. 2011-2016 жылдарға арналған есірткіге қарсы стратегия мен оны орындау бағдарламасы бекітілді. Сондай-ақ ШЫҰ-ға мүшелікке ену туралы ұсыныс білдірген мемлекет міндеттері туралы меморандумға және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Басқосу барысында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ШЫҰ-ның бірыңғай трансэнергетикалық кеңістігін құру мәселесін қарастыру кезегі туындағанын айтты. «Мүдделерімізді біріктіріп, біртұтас еуразиялық құбыр тарту жүйесі мен электротасымалдау желісін қолға алу керек», - деді ол. Төрағаның бұл ұсынысын ұйымға мүше мемлекет басшылары бірауыздан қолдады. Сөйтіп, ұйым төрағалығын сәтті аяқтаған Қазақстан тағы бір үлкен сыннан сүрінбей өтіп, басшылық тізгінді ҚХР-ға жоғарғы деңгейде жеткізді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

В КазНУ – новые специальности

(Начало на 1 стр.)

В целом по бакалавриату для приема студентов предусмотрено 69 специальностей, магистратуре – 75 (71 в прошлом учебном году), докторантуре – 59 (53). М.Буркитбаев подчеркнул, что повышение доли магистратуры (Мс) и докторантуры (PhD) для университета является стратегической задачей. Кроме того, перечень специальностей находится на этапе подачи лицензии, к примеру, теплоэнергетика, наноматериалы и нанотехнологии, космическая техника и технологии (Мс и PhD), международная журналистика (PhD) и другие.

По словам профессора М.Буркитбаева, введение новых специальностей, востребованных рынком, и сокращение непрофильных, увеличение числа магистрантов и докторантов – это один из шагов на пути к высокой конкурентоспособности университета. Но в этой связи значительно возрастают критерии как к вузу в целом, так и к кафедре, как основной административно-структурной единице, осуществляющей не только научно-образовательную, но и инновационную деятельность. По мнению профессора, существует реальная необходимость в реорганизации кафедр, их укрупнении. М.Буркитбаев озвучил критерии для высоко-

коэффициентного функционирования кафедр, в частности, наличие не менее 25 штатных единиц профессорско-преподавательского состава, соответствующих профилю кафедры, из них не менее 4 профессоров. Кафедры должны иметь современное исследовательское оборудование, приглашать зарубежных профессоров, проводить обучение на английском языке (более 2 дисциплин), осуществлять подготовку магистров и докторов PhD, специалистов по программам двухдипломного образования. И это лишь малая толика требований для поднятия рейтинга университета, увеличения инновационного потенциала и конкурентоспособности вуза на образовательном рынке.

Кроме того, М.Буркитбаев ознакомил членов Ученого совета с критериями отбора студентов для магистратуры и докторантуры, а также научных руководителей Мс и PhD.

На заседании была заслушана информация по профорIENTATIONальной работе. Выездная комиссия КазНУ с 21 по 30 мая посетила более 50 школ Костанайской, Западно-Казахстанской, Северо-Казахстанской, Восточно-Казахстанской, Павлодарской областей. По результатам работы выездной комиссии 180 претендентов на знак «Алтын белгі» изъявили желание учиться в КазНУ. В Олимпиаде «аль-Фараби»

приняли участие 9694 выпускников из 1026 школ, из них 38 – получили призовые места, 3130 – прошли пороговый уровень.

Директор Института государства и права А.Салимгерей представил на обсуждение членов Ученого совета проект Закона РК «О статусе Национального исследовательского университета», разработанный специально созданной рабочей группой. В проекте представлены основные положения о статусе, принципах деятельности национального исследовательского университета, особенностях лицензирования и аккредитации образовательной и осуществления исследовательской, научной, финансово-хозяйственной деятельности. Принятие закона «О статусе Национального исследовательского университета» позволит создать прочную правовую основу для деятельности подобного рода университетов. Данный проект после широкого обсуждения среди ППС университета и доработки с учетом замечаний будет направлен в МОН РК.

Кроме того, на заседании ректор университета, академик Галым Мутанов поздравил декана филологического факультета Кансеита Абдезулы с присвоением почетного знака «Мәдениет қайраткері» Министерства культуры РК.

Ирина ПИЛЬГУК

АЛМАТЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛАДЫ

ҚЫСҚА-НҰСҚА

15 маусым күні әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Алматы қаласының әкімшілігі жанындағы Инновациялар және жаңа технологиялар бойынша кеңесінің мәжілісі өтті. Мәжіліске әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі басқарма бастығы Бақтияр Мәкен, ҚР ЖОО Қауымдастығының Президенті Рахман Алшанов, ҚР Ұлттық Инженерлік Академиясының бірінші Вице-президенті Нәдір Нәдіров және Алматы қаласындағы ірі компаниялар мен ЖШС басшылары қатысты. Күн тәртібінде Алматыны инновациялық қалаға айналдыру жұмыстары қаралды.

Кеңес мәжілісінің алғы сөзінде академик Ғалымқайыр Мұтанұлы: «Кеңестің басты жұмысы – Алматыны инновациялық қалаға айналдыруды қарастыру. Қалада орналасқан инфрақұрылымдардың дамуына және бірізділенуіне ықпал ету», - деді. Одан кейін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов «Инновациялық Алматы – жаңа технологиялық платформаға серпіліс» жобасымен таныстырса, ҚР Жоғары оқу орындары Қауымдастығының Президенті Рахман Алшанов «Инновациялар бойынша эксперттік кеңестің құрылуы туралы» ақпарат жасады. Ал «Альянс Банк» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі Әуелбек Тоғжанов «Инновациялық Алматы – жаңа технологиялық платформаға серпіліс» жобасының басқарушы компаниясын құру туралы баяндады.

- Елбасы саясатының басты талабы – Қазақстанды инновациялық мемлекетке



айналдыру. Осы орайда біз Алматының инновациялық келбетін қалыптастырып, осы бағытта экологиялық мәселелердің шешім табуына, энергетиканы үнемдеуге жағдай ойластыруымыз керек, - деді Ғалымқайыр Мұтанұлы «Инновациялық Алматы – жаңа технологиялық платформаға серпіліс» жобасымен таныстыру барысында. Халықаралық дәрежеде Алматының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін технологиялық және инновациялық платформаны жаңарту, өмір сүру деңгейін жақсарту, өндірістік белсенділікті көтеру және жоғары жағдайдағы жұмыс орындарын құру сияқты мақсаттар жобаның негізі екендігін атады. Соның негізінде Алматыны Қазақстан мен Орта Азиядағы жетекші инновациялық-технологиялық орталыққа айналдыру екендігін жеткізді.

Жобаны зер сала тыңдаған кеңес мүшелері өзара пікір алмасып, жоба төңірегінде ой бөлісті. Одан кейін Инновациялар және жаңа технологиялар бойынша кеңесі мәжілісінің шешімін қабылдады. Онда «Инновациялық Алматы – жаңа технологиялық платформаға серпіліс» жобасын мақұлдап, Инновациялар бойынша эксперттік кеңесті және жобаның басқарушы компаниясын құру туралы айтылды. Алматы әкімшілігіне Алматы қаласы аудандарына рейтинг жасап, инновациялық мінездемесін пайымдау ұсынысын жеткізу айтылды. Алда Алматы қаласының әкімшілігі жанындағы Инновациялар және жаңа технологиялар бойынша кеңесінің кезекті мәжілісі қала әкімінің қатысуымен тағы ұйымдастырылмақ.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

(Басы 1-бетте)

Куратор-эдвайзер — студенттермен тәрбие жұмысын жүргізу барысында негізгі тұлға. Куратор-эдвайзердің басты мақсаты — жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, оқу жоспары аясында білім алу траекториясының таңдамалығы негізінде өзін-өзі қалыптастыру мен өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту.

Куратор-эдвайзерлердің негізгі міндеті оқу тобында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және студенттерді университеттің қоғамдық және шығармашылық өміріне біртіндеп тарту, оқу траекториясын таңдауға (жеке оқу жоспарын құрастыру) ықпал ету және білім алу кезеңі барысында білім алу бағдарламаларын меңгерту.

Нағыз маманды қалыптастыру көбіне дұрыс құрылған оқу-тәрбие үдерісіне тәуелді болады, сондықтан да куратор-эдвайзер студенттен маман дайындауға тікелей жауапты.

Мұндай талаптарды бірізділендірген Куратор-эдвайзер жұмысы ҚазҰУ-да Студенттік топ куратор-эдвайзері туралы ережеге сәйкес құрылған.

Жоғары оқу орнында студенттік топтар кураторларының тәрбие қызметін жетілдіру туралы мәселе Ғылыми кеңес пен ректорат мәжілістерінде қаралып, біршама мәселелер алға қойылды. Мәселен, Куратор-эдвайзерлер кеңесін құру, Куратор-эдвайзерлердің қызметі және құрылымы туралы Ережені әзірлеу, Куратор-эдвайзер сағаттарын жүргізу бойынша тақырыптарды және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу, Электрондық сабақ кестесіне куратор-эдвайзерлер сағатын енгізу, Студенттік топтар негізінде тәрбиелік құрылымдардың құрылымын қамтамасыз ету: құрамы 20 адамнан аспайтын студенттік топтар құру, студенттік топтарға куратор-эдвайзерлер тағайындау, тәрбие қызметін түсіндіру мақсатында куратор-эдвайзерлер мәжілістерін өткізу, Куратор-эдвайзерлер мектебін құру.

Айқындалған мақсат пен қойылған міндеттерді орындауда жұдырықтай жұмылу нәтижесінде ҚазҰУ-да Кураторлар-эдвайзерлер кеңесі құрылды. Куратор-эдвайзерлер кеңесі — куратор-эдвайзерлердің оқу-тәрбие жұмыстарына бағыт беретін, университет және факультет ішіндегі тәрбие жұмысы процесін басқару жүйесіне кіретін студенттік топтар кураторларының қоғамдық бірлестігі. Куратор-эдвайзерлер Кеңесі — университеттің студенттік топтарындағы тәрбие жұмыстарын реттеуші және бақылаушы орган. Ал Куратор-эдвайзерлер мектебі университет куратор-эдвайзерлерінің психологиялық-педагогикалық және әдістемелік құзыреттіліктерін жетілдіру мақсатында құрылды.

Тәрбиені ұтымды үйлестірген ұтады деген ұғыммен куратор-эдвайзерлер жұмысын үйлестіруде кафедрадағы тәрбие қызметінің мүмкіншіліктерін ұтымды пайдалануға ерекше көңіл бөлінді. Себебі кафедра — білім, ғылым, тәрбиені қатар алып жүретін бірден-бір басты университет құрылымы. Кафедрада оқытушыларының әрдайым студенттермен бір аумақта кездесу ықтималдығы көп болғандықтан, тәрбие жұмысын жақсарту мүмкіндігі де артады. Бүгінде кафедрада жүргізілетін тәрбие жұмысына тікелей жауапты аға куратор-



КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР - интеллектуалды ұлт тәрбиешісі

эдвайзерлер тағайындалып, қазір университетте 85 аға куратор-эдвайзер, 881 - куратор-эдвайзер бар. Бұл көрсеткіш жалпы оқытушылардың 60 пайызын құрайды. Қалған 40 пайыз оқытушылардың жеке іс-жоспарына сәйкес, тәрбие жұмысына да басшылықты аға куратор-эдвайзерлер атқаратын болып шешілді.

Куратор-эдвайзерлер қызметін ұйымдастыруда «Тәрбие үдерісінде куратор-эдвайзердің рөлі мен қызметі», «Куратор сағатын өткізу және әзірлеу технологиясы», «Куратор-эдвайзер журналы», ережелер: «Куратор-эдвайзерлер кеңесі туралы», «Үздік куратор-эдвайзер туралы», «Үздік топ туралы» әдістемелік құралдар әзірленді. Оларды жоғары мектепте кураторлардың тәрбие қызметін ұйымдастыру негізі ретінде қолдану мүмкіндігі зор. Кураторлар жұмысы қорытындысын есепке алуға және талдауға мүмкіндік беретін «Куратор-эдвайзер журналы» жасалды. Университет баспасынан шығарылған журнал барлық куратор-эдвайзерлерге таратылды. Оқытушы журналды толтыру және өз әрекетін үнемі бақылау арқылы тәрбие үдерісін басқару мүмкіндігіне қол жеткізеді. Журналға енгізілген «Студенттік әлеуметтік белсенділігінің төлқұжаты» білім алушыға өзін-өзі көзбен бағалауға және өзін-өзі тәрбиелеу бағдарламасын құрастыруға жағдай жасайды.

Жоғары оқу орындарында тәрбие қызметі студенттік топтарда куратордың тәрбие қызметін үнемі жетілдірумен құрылуы тиіс.

Жоғары оқу орны түлектеріне талаптардың өсуімен қатар куратор-эдвайзер ретінде оқытушыларға да талаптар күшейтілуде. Студенттермен жұмыс жасауда студенттерге деген махаббат және олармен қарым-қатынаста көрінетін педагогикалық қабілеттілік те өте маңызды болып табылады.

Ж.Ж. Руссо: «Ұстаз болу өз уақытын аямау, өзгені бақытын аялау», — деп текке айтпаған. Өйткені, болашақ жас маманның қалыптасуы өздігінен болмайды. Онда үздіксіз еңбек пен білгірлік, сыни пікір, интуиция, жітілік, оптимизм, тапқырлық,



алдын ала болжам, рефлексия және педагогикалық сауаттылық маңызды кәсіби қасиет болып табылады.

Жаңа 2011-2012 оқу жылында куратор-эдвайзерлерге тартар сыйымыз да жоқ емес. Ол Ақпараттық технологиялар департаментімен бірлесе жасап жатқан үлкен жоба — Куратор-эдвайзер журналына мәліметтер енгізуді автоматтандыру жүйесі. Кураторлардың тәрбие қызметі рейтингісі көрсеткіштері де осы әзірленген жүйеден өз орнын тапты.

Кураторлар тәрбие қызметінің негізгі мақсаты — студенттердің әлеуметтік белсенділігін арттыру. Тәрбиенің маңызды құралдары мен әдістері — өзін-өзі міндеттеу, өзіне-өзі есеп беру, өзін-өзі бақылау, өзіне бұйрық беру бағдарламасын құрастыру болып табылады. Студент қызметінің нәтижелері бар портфолио, пікірлерді салыстырғанда студент мінздемесі студенттің өзі туралы, студент туралы студенттік өзін-өзі басқару органдарының пікірлері және студент туралы куратордың пікірінен жинақталады. Осы мәліметтер куратор-эдвайзер журналының автоматтандыру жүйесінен көрініс табады. Үнемі жаңартылып отыратын мәліметтер арқылы жыл соңында «үздік студент», «үздік студенттік топ», «үздік куратор-эдвайзерді» анықтай отырып, жүргізіліп жатқан тәрбие жұмыстары бойынша үздік кафедра мен факультетті де анықтауға

мүмкіндік туады. Биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша факультеттерде «Үздік куратор-эдвайзерлер» анықталып, Ыстық көл жағалауындағы ҚазҰУ-дың сауықтыру лагеріне қызметкерлердің «Парасат» кәсіподақ комитеті тағайындаған тегін жолдамаға ие болу жағы да қарастырылды.

Тәрбие және студенттердің өзін-өзі тәрбиелеуі бойынша кураторлар қызметінің мақсаттары, ұстанымдары, мазмұны, формасы, құралдары мен әдістері анықталды.

Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаменті Куратор-эдвайзерлер кеңесі, Куратор-эдвайзерлер мектебімен бірлесе отырып, мыңға жуық оқытушы-профессордың қатысуымен жиырмаға жуық семинар-тренинг, дәріс ұйымдастырды. Студенттік топтармен куратор-эдвайзерлердің тәрбие жұмысының негізгі бағыттары — әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Факультет куратор-эдвайзерлер кеңесі жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, куратор-эдвайзерлер қызметін рейтингтік бағалау жүйесі, куратор-эдвайзер журналына мәліметтер енгізуді автоматтандыру жүйесі, тәрбие үдерісінде куратор-эдвайзерлердің рөлі мен қызметі, Аға куратор-эдвайзерлердің қызметтік міндеттері, университеттегі клубтар туралы және Студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастыру секілді түрлі тақырыптарды қамтыды. Бұл жұмыстар 2011

жылдың қаңтар айынан бастап, маусым айының осы аптасына дейін жалғасты. Қатысушылар құрамы — факультет куратор-эдвайзерлер кеңесінің төрағалары, 85 аға куратор-эдвайзер, 881 куратор-эдвайзер. Онда жалпы көрсеткіш бойынша семинар туралы - 82, ұйымдастырылуы - 82, мазмұндылығы - 91, ақпараттық материалдармен қамтамасыз етілуі - 73, модератор, баяндамашылар тілінің жатықтығы - 91, жанашылдығы - 82, тәжірибеде қолдану құндылығы - 91 пайызды құрады.

Куратор-эдвайзерлер жұмысының нәтижелері бойынша, негізгі теориялық ережелер, қорытындылар және ұсыныстар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми-әдістемелік конференциясында, университетте өткен «Қазіргі жағдайда жастарды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеу: тәжірибесі, мазмұны, даму болашағы» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияда, «Қазіргі жағдайда жастар-

ды рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеу: тәжірибесі, мазмұны, даму болашағы» атты халықаралық студенттік форумда кенінен қарастырылды.

Бүгінгі ҚазҰУ студенті — сапалы білім алумен қатар, ғылымды бірге алып, салауатты өмір салтын ұстаған, «елім, жерім» деген, елін әлемге танытуға бар қасиетімен дайын азамат.

Өзіндік дәстүрлерге бай әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қоғамның рухани-әлеуметтік жанғыруына бірден-бір негіз бола білетін күш. Осы орайда, университет тәрбие тұжырымдамасында кураторлық-эдвайзерлік жұмыс айқындалып, жаңа сипатқа ие болды дегуге толық негіз бар. ҚазҰУ ұжымы жастардың білімге, ғылымға деген құштарлығы мен тәрбиесін өнегелі етуге қызмет ететін тетіктерді дөп баса білу қабілеттерін үнемі шыңдау арқылы Қазақстанның әлемдегі ең бір әлеуетті, бәсекеге қабілетті адами капиталға ие елге айналу жолында өз үлесін қоса бермек.

Жоғары оқу орны түлегіне бағытталған қоғамның қазіргі әлеуметтік талабы — адамгершілікке, отаншылдыққа, ынтылыққа, жауапкершілікке, еңбекқорлыққа, коммуникативтікке және төзімділікке көңіл бөледі. Бұл қасиеттер тұлғаға әлеуметтік белсенді және жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін, өмір бойы өз бетімен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Қоғамның осындай жоғары талаптары бірінші кезекте тәрбие үдерісінің негізгі қозғаушы күші ретінде оқытушы-куратор тұлғасы саналатын жоғары мектептің тәрбие кеңістігіне жаңа жол іздеу қажет екенін көрсетеді. Қоғамның болашағы жоғары мектептегі тәрбие қызметінің сапалы жүргізілуіне, студенттердің бойында құндылықтардың берік қалыптасуына тәуелді екені айқындалып келеді. Бұл Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үнемі айтатын біліктілік пен әлеуеті қалыптасқан интеллектуалды ұлт тәрбиелеудегі басты құндылық екені даусыз.

Гүлнәр СӘРСЕНБЕКОВА,
Тәрбие жұмысы және тілдерді дамыту департаментінің директоры

СОТРУДНИЧЕСТВО

В рамках программы привлечения зарубежных специалистов в вузы Казахстана в апреле Казахский национальный университет им. аль-Фараби посетил заведующий кафедрой «Химической энзимологии» Московского Государственного университета, директор Института биохимической физики им. Н.М.Эмануэля РАН, член-корреспондент РАН, профессор Сергей Варфоломеев. Ученый был приглашен на кафедру биотехнологии, биохимии, физиологии растений биологического факультета университета.



КазНУ и МГУ нужны совместные идеи и новые проекты

У КазНУ сложилось давнее сотрудничество с образовательными и научно-инновационными центрами России. И, безусловно, проезд ученого с мировым именем стал возможен благодаря крепким связям с одним из лидеров российского высшего образования - МГУ им. М.Ломоносова.

Целью визита было чтение лекций в рамках курса «Современные проблемы биотехнологии», проведение консультаций и обсуждение результатов научных исследований, проводимых на кафедре, а также заключение договоренностей о научном сотрудничестве.

Потрясающая эрудиция, интереснейший материал по современным проблемам биотехнологии, излагаемый в доступной форме, собрал на лекции профессора С. Варфоломеева не только профессорско-преподавательский состав кафедры и факультета, PhD докторантов, магистрантов, но и студентов бакалавриата, для которых общение с ученым такого ранга, безусловно, является мощным стимулом для достижения успехов, как в учебе, так и в научных исследованиях.

Период пребывания в Алматы, несмотря на напряженный график работы, был плодотворным не только в плане совместного сотрудничества и работы. По словам С. Варфоломеева, «поездка в Казахский национальный университет им. аль-Фараби была достаточно неожиданным и приятным событием». «Огромное впечатление на меня произвел кампус КазНУ. Очевидно, что руководство страны заботится об образовании, и вкладывает

достаточно средств в развитие университета. Введение в строй новых корпусов создаст университету новые перспективы развития», - считает он.

«Вызывает уважение высокий уровень профессоров и преподавателей, с которыми удалось за столь короткий срок пребывания пообщаться. Не может не радовать заинтересованность и активное участие студентов в лекциях», - подчеркнул ученый.

Колоссальное впечатление произвели на гостя музеи университета: истории КазНУ и биологического факультета. «В музее университета очень четко можно проследить тесные связи, исторически сложившиеся между МГУ и КазНУ. Многие выдающиеся ректора и профессора КазНУ являются выпускниками МГУ или заканчивали в нашем университете аспирантуру. С другой стороны, многие выпускники КазГУ работали, а некоторые и по сей день трудятся в МГУ», - пояснил он.

По мнению ученого, «как у любой развивающейся организации, у КазНУ им. аль-Фараби немало проблем. Одна из них - это полнокровная интеграция в мировую науку. Научные проблемы, как правило, развиваются и решаются в современном мире очень быстро. Необходимо держать руку на пульсе и отслеживать, а в ряде случаев и опережать мировые тенденции. Приглашение для чтения лекций ведущих ученых из других стран - один из подходов к решению этой задачи. Важно, чтобы эти контакты расширялись, закреплялись и давали ощутимые результаты. Представляется правильным, чтобы

развивалась система совместных проектов, грантов и долгосрочных научных программ».

«Институт биохимической физики Российской Академии Наук, имея уникальное оборудование, мог бы предоставить в распоряжение участникам совместных проектов весь наличный инструментальный парк, включая современные ЭПР и ЯМР спектрометры высокого разрешения, масс-спектрометры различных типов для изучения биополимерных молекул, оптические, акустические, конфокальные микроскопы и многое другое.

Главное - зародить новые совместные идеи и новые проекты. Это должно быть результатом научного обсуждения», - заключил С. Варфоломеев.

С. Д. ВАРФОЛОМЕЕВ - ученый с мировым именем, лауреат Госпремии СССР, действительный член Российской Биотехнологической Академии, руководитель направления «Инженерная энзимология» Государственной научно-технической программы «Новейшие методы биоинженерии», член редакционных советов журналов «Биохимия», "Biotechnology" (США), Analytical Methods and Instrumentation» (США).

А.ГОНЧАРОВА, к.б.н., доцент кафедры биотехнологии, биохимии, физиологии растений КазНУ

Т.КАРПЕНЮК, профессор, зав.кафедрой биотехнологии, биохимии, физиологии растений КазНУ

Школа «Юный эколог»: В ГАРМОНИИ С МИРОМ

ШКОЛА

В этой необычной школе нет привычного расписания уроков, и дети приходят сюда каждый раз с удовольствием: потому что здесь интересно, весело и... все по-взрослому. В республиканской заочной школе «Юный Эколог» созданы все условия для воспитания творческой, свободной и позитивной личности, способной жить в гармонии с миром и с собой.

А еще занятия в школе формируют у подрастающего поколения то, чего так не хватает даже взрослым - высокий уровень экологической культуры, мышления и сознания. И все это - бесплатно.

Школа работает на кафедре общей химии и химической экологии КазНУ им. аль-Фараби с 2001 года. Для ребят из Алматы предусмотрена дневная форма обучения, есть и заочная - для учащихся различных регионов республики. За время существования школы количество учеников в ней составило более 300 человек.

В школе «Юный эколог» школьникам дают основательные знания в области охраны окружающей среды. Занятия по специально разработанным программам, которые ежегодно обновляются, ведут профессора, доценты университета. Так, за время обучения в школе учащиеся осваивают теоретический курс «Основные экологические понятия и представления». Экосистема, ее развитие, непрерывность жизни в биосфере, биохимический круговорот веществ и многое другое постигают юные экологи. И не только теорию. Для ребят разработан лабораторный практикум «Экологический мониторинг объектов окружающей среды», способствующий формированию навыков постановки и проведения научного эксперимента по исследованию состояния окружающей среды. В 2004 году коллективом авторов университета было издано специальное пособие для таких практиков. В нем изложены доступные методы биогеохимического исследования объектов и компонентов окружающей среды.

В этой школе, быть может, впервые дети учатся сами разрабатывать и реализовывать проекты. Таким образом, учащиеся приобщаются к изучению и посильному решению экологических проблем родного края, развивают интерес к осуществлению эколого-ориентированной деятельности. Темы научных проектов юных экологов касаются таких актуальных проблем, как «Мониторинг водной среды Республики Казахстан», «Шумовое загрязнение окружающей среды», «Генетически модифицированные продукты и здоровье», «Польза и вред нитратов», «Парниковый эффект и его последствия», «Радиоактивные отходы» и другие. Что еще привлекает детей в эту школу? Это интерактивные формы обучения - круглые столы, КВНы, ролевые игры, конференции, где учащиеся делают доклады по результатам исследовательской деятельности.

По окончании учебного года в школе стало традицией проведение летнего экологического лагеря. В нем ребята изучают, исследуют, практикуют и, конечно же, отдыхают, ездят на экскурсии. Учащимся, успешно освоившим учебные программы и на «отлично» защитившим выпускные научные проекты, вручаются «Сертификаты выпускника РЭВШ «Юный эколог».

У школы есть филиалы в Балхаше и средней школе села Шалкоде Раимбекского района Алматинской области.

Луиза БЕЙСЕМБАЕВА

ЖАЛЫН

ҚазҰУ студенттері – Ислам экономикалық форум делегаттары

(Басы 1-бетте)

Форум жұмысы «Жетекшілік қозғалыста: жетістікке жету мысалдары», «Қоғамның өркендеуі: әлеуметтік кәсіпкерлікті қалай жұмыс істетуге болады?», «Өнер арқылы өзгеру: бейнелеу өнері, әдебиет және поэзия» және «Чемпиондарды қалыптастыру: дұрыс экожүйесін құру» деген төрт тақырыпты қарастырды. Тақырыптар аясында табысқа жету үшін көшбасшыға қандай қасиеттерді игеру керектігі сөз болып,

болашақты жоспарлай білу, ашық, жайдары болып, өрлеуге, ілгерілікке ұмтылу еңбекқорлық секілді қасиеттердің қажет екендігі айтылды. Аталған форум жұмысына ҚазҰУ студенттерінен арнайы делегация қатысып, оның құрамын Нұрлан Әбдіқадыров, Шалқар Нұрсейітов, Әсем Қожабек және Нұрзина Қыдырәлима секілді белсенді студенттеріміз толықтарып қайтты. «3 күнге созылған форум барысында шетел делегаттарын университетіміздің жаңару жолындағы жетістіктерімен

таныстыра отырып, олардың озық тәжірибелерімен танысуға мүмкіндік алдық», - дейді студенттер.

Форум делегаттарының қарым-қатынас тілі - ағылшын тілі болды. ҚазҰУ студенттерінің үш тілді еркін меңгеруі халықаралық шарада университетіміздің беделін арттыруға көп мүмкіндік бергенін айта кетуіміз керек. Сонымен қатар ҚазҰУ студенттері өз мамандықтарының қырсырын шетелден келген қонақтармен бөлісуге де уақыт таба алды. Мысалы,

математикалық және компьютерлік пішіндеу мамандығын оқып жүрген студенттеріміз IT саласындағы шетел мамандарымен сұхбаттасуда 3D модельдеу саласында әлемге әйгілі Малайзия елінің маманы Мохамед Азфарен мырзамен пікір алмасты. ҚазҰУ-дың бұл салада дамып келе жатқанын естіген Мохамед мырза қуанышын жасырмады. Өз тарапынан осы салада тәжірибе алмасуға дайын екенін де білдірді.

Экономикалық және саяси салаларда жетістікке жете білген фо-

рум қонақтарымен студенттеріміз лайықты деңгейде пікір алмаса білді. Студенттер өз тарапынан ҚазҰУ-дың әлемдегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының қатарына ену жолында жасап жатқан игі істеріне белсенділік танытып, мұндағы оңды өзгерістер туралы мақтан тұта жеткізді. Бұл тәжірибе алмасудың ҚазҰУ студенттеріне кәсіби деңгейде қалыптасу үшін маңызды іс-сапар болғанын айта кету керек.

Өз тілшімізден

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Еңлік АҚЖІПТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10401

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.